

# 3 сынып қазақ тілі

# Ашық сабақ

# Саяхат сабақ

**Сабақ тақырыбы:** Жалаң және жайылма сөйлем.

**Сабақ мақсаты:**

**1. Білімділік:** Жалаң және жайылма сөйлем туралы білімдерін кеңейту. Сауатты, көркем жазу дағдыларын қалыптастыру.

**2. Дамытушылық:** Танымдық, шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, тілін дамыту.

**3. Тәрбиелік:** Шапшаңдыққа және уақытты үнемді пайдалануға тәрбиелеу.

# І. Ұйымдастыру кезеңі.

- Балалар, сендер өздеріңді жақсы көресіңдер ме?

- Бір - біріңді жақсы көресіңдер ме?

Ендеше бір - бірімізге деген жылы лебізімізді мына жүрекше арқылы білдірейікші.

Бір - біріне жылы лебіздерін білдірген соң бәріне сабақта сәттілік тілеймін.

# II. Үй тапсырмасын сұрау

## 4 – жаттығу Сурет бойынша сөйлем құрастыр.





# «Білім еліне саяхат»



# III. Өткенді пысықтау.

«Сиқырлы сандар» ойыны.



10

30

40

20

50

60

# Сабақтың тақырыбы

# Жалаң және жайылма сөйлем





Ал, балалар, мына ережеге  назар аударайық.

*Тен қана тұрлаулы  мүшелерден құралған сөйлемді* ***жалаң сөйлем*** *деп атайды.* ***Боран соқты.***

*Тұрлаулы мүшелерден басқа тұрлаусыз  мүшелері  де бар сөйлемді* ***жайылма сөйлем*** *деп атайды. Кеше боран соқты. Кеше қатты боран соқты.*



# «Білгірлер» қақпасы

# Бұл қақпаның тапсырмасы екі бағандағы сөйлемдерді салыстыру.

| | |
|---|---|
| Мұз қатты | Өзенге мұз қатты |
| Есік ашылды | Есік айқара ашылды |
| Бұлбұл сайрады | Бақта бұлбұл сайрады |
| Жазушы жазды | Жазушы қызықты әңгіме жазды. |


«Ойшылдар»
қақпасы








# Сергіту сәті.


«Тапқырлар»
қақпасы

## Ішіне

*Жалаң сөйлем*

Бағдаршам жанды

Оқушы жазды

Нүргүл сырғанады

*

## Сыртына

*Жайылма сөйлем*

Демалыс күні анам дәмді бауырсақ пісірді.

Қыста жер ақ қарға оранады

Жаяу адам соқпақ жолмен жүреді






«Алғырлар»
қақпасы

# Суреттерді толықтырып жаз.



1. жауды.

2. -ды -пен күреді.

3. пен мұзайдында тепті.

4. Асхат жасады. Оны -қа ілді. -қа жем салды. -қа ұшып келді.

Сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талда.



*Қорытынды.*

*Қыс туралы 3-4сөйлемнен тұратын мәтін құрастыр.*

Жалаң және

жайылма сөйлемдерді атап көрсет.

# Үйге тапсырма.

4 - жаттығу,  91 бет

*Жалаң сөйлемді жайылмаға сөйлемге, жайылма сөйлемді жалаң сөйлемге айландырып жаз.*

**Түн болды.  Ай туды. Ол суға сүңгіп кетті.**

# Бағалау.



# Назарларыңызға рахмет!

